

Ақтөбе қаласы білім бөлімі
МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Бекітілді
№ 39 «Достық» б/балабақшасының
№3 педагогикалық кеңесі шешімімен
«29» «01» 2020 жыл

2020-2025 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ



№39 «ДОСТЫҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның аталуы	Ақтөбе қаласы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны №39 «Достық»бөбекжай-балабақшасының 2020-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасы
Даму бағдарламасын жауапты орындаушы	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы: МДҰәкімшілігі, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері, қызметкерлер
Даму бағдарламасын құрастырушылар	Шығармашылық топ, бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі, әдіскер
Бағдарламаны құруға негіз болған нормативтік-құқықтық құжаттар	- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Жастар жылының ашылуында және «NurOtan» партиясының кезекті XVIII съезінде берген тапсырмасы; - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы; - ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауы. - Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Қ.Тоқаевтың «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты сайлауалды платформасы; - Қазақстан Республикасының Президентінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік.

Өрлеу» сайлауалдыбағдарламасын және «Бірге» жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ Заңы
- Бала құқығы туралы Конвенция. 2019 жылғы 20 қараша
- «Бала құқығы туралы» Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы.
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы.
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).
- Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы, ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 шілдедегі № 337 бұйрығы.
- «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды

	аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 530 бұйрығы. • «Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы. • «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. • «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. • «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы • «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. • Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы). • №39 «Достық» МДҰ Жарғысы
Өзектілігі	• Мектепке дейінгі білім берудің әлеуметтік ахуалын көтеру. • Балалар денсаулығын нығайту, аурушандық деңгейін түсіру. • Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру; • Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету; • Тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналар мен баланың тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсілдер, тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру; • Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың

	шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістерінің қабылдануы.
Бағдарлама мақсаты	• Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің дағдылары мен рухани-адамгершілік құндылықтарын және жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету, • Мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісін жаңғырту, тәрбие мен білім беру сапасын көтеру, рухани- адамгершілік тәрбие беру.
Бағдарлама міндеттері	• Педагог мамандығының қажеттілігін арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту. • Балалардың қауіпсіз және қолайлы тыныс-тіршілігі үшін жағдайлар жасау, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру . • Балалар денсаулығын сақтау, нығайту. • Балалардың физикалық дамуында дәстүрден тыс сауықтыру технологиясын және спорт түрлерінің жолдарын қолдану. • Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңартуда тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану. • Жаңа технологиялар арқылы мектепке дейінгі балалардың патриоттық тәрбиені қалыптастыру бойынша тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру • Педагог міндеттерді іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі. Осы мақсатта педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысу; • МДҰ материалдық-техникалық базасын нығайту; • мектепке дейінгі ұйым дамуының тетіктерін жасау және олармен қамтамасыз ету; • мектепке дейінгі ұйымның дүниежүзілік стандарттар мен уақыт талаптарына сәйкес келетін дамытушы заттық-кеңістіктік және білім беру ортасын қалыптастыру; • мектепке дейінгі ұйым қызметінің инновациялық мазмұнын әзірлеу және енгізу. • мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін арттыру. • білім беру үдерісіне қатысушылардың бәріне субъект-субъектілік өзара әрекет ұстанымдарын енгізу. • өңірдің білім беру кеңістігінен лайықты орын иелену, облыста жоғары рейтингке қол

	жеткізу; • «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша жалпыадамзаттық құндылықтар; • аймақта білімділік бойынша орын алуға лайықты; • қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жоғары рейтингке жетуі;
Іске асыру мерзімдері	• 2020–2025 жылдар
Нысаналы индикаторлар	• 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту. • Мектепке дейінгі білім беру жүйесімен қанағаттанудың композиттік индексі (білім алушылар, жұмыс берушілер, түлектер және қызметкерлер). • Инновациялық жобаларды бюджеттен тыс көздерден бірлесіп қаржыландыру (Қамқоршылық кеңес тарапынан).
Қаржыландыру көздері және көлемі	Бағдарламаны іске асыру үшін 2020 – 2025 жылдары _____ көлемінде бюджет қаражаты жұмсалатын болады, оның ішінде: Республикалық бюджеттен – Жергілікті бюджеттен – Бюджеттен тыс - 2020 – 2021 – 2022 – 2023 – 2024 – 2025 – сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат. Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және республикалық және жергілікті бюджеттердің, мемлекеттік жекешелік әріптестіктің кіріс мүмкіндігі бөлігіне қарай және басқа да балама көздерді тарта отырып нақтыланатын болады.
Ұраны	«Сүйіспеншілікпен қарсы аламыз, мақтанышпен шығарып саламыз!»
Миссиясы	Балалық қасиеттерін сақтау: таңдану, сенім, қарым-қатынас
Жетекші функциясы	Баланың жеке тұлғалық әлеуеті

Шешуші пікір	«Бәрі де балалық шақтан басталады!»
Құндылықтарымыз	Балалар, отбасы, денсаулық, бақыт және мейірімділік
Біздің принциптеріміз	- ізгілік; - бала, ата-ана, педагогтар құқығына түсінушілікпен қарау; - балаға сүйіспеншілік; - сенім; - ашықтылық; - ынтымақтастық, түсінушілік; - табысқа қол жеткізу; - мектепке дейінгі ұйымының қарқынды дамуында басты қорытынды кілті – тұлалардың жеке тұлғалық моделі;
Даму бағдарламасының орындалу уақыты және кезеңдері	Бағдарламаның жүзеге асырылуы 2020-2025 жылдар аралығындағы үш кезең: Бірінші кезең - 2020-2021 жылдар – ұйымдастыру-дайындық (бағдарламаның жүзеге асырылуына жағдай жасау); Екінші кезең- 2021-2024 жылдар (практикалық кезең) Үшінші кезең- 2024-2025 жылдар - қорытынды: Ақпараттық-аналитикалық кезең (мектепке дейінгі ұйымда бағдарламаның жүзеге асырылуына сапалық бағалау және өзгерістеріне мониторингі жүргізу)
Бағдарламаның орындалуына басшылық тәртіп	Даму Бағдарламасына түзету Қамқоршылық, педагогикалық кеңестерде жүргізіледі. Даму бағдарламасының орындалуына басшылықты МДҰ меңгерушісі жүргізеді.
Даму бағдарламасының орындалуына бақылау	Бақылау жыл сайын мамыр айында жүргізіледі.

Кіріспе

Бағдарламаның мақсаты халықты қоғамда сұранысқа ие дағдылары бар жеке тұлғаны дамытуға бағытталған сапалы және әділ біліммен қамтамасыз ету, сондай-ақ нәтижелілікті арттыру үшін балаларда зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық әлеуетін дамытуда инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданып, тұтас бала бейнесін қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі балалық шақ — баланың моральдық-адамгершілік бейнесін қалыптастырудағы маңызды кезең. Дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғасының дамуын анықтайтын құнды бағыттар, алғашқы адамгершілік түсініктері, сезімдері, әдеттері, қарым-қатынасы қалыптасады.

Мектепке дейінгі білім беру үздіксіз тәрбие берудің алғашқы сатысының және балаларды ерте шақтан әлеуметтендірудің әлемдік үлгісі болып қала береді, өйткені тәрбиелік үдерістің үздіксіздігі бала өмірінің мектепке дейінгі, мектептегі және кейінгі жылдарын байланыстырады. Сондықтан да мектепке дейінгі мекемедегі баланы дамытушылық және жеке тұлға ретінде қарай отырып, оның қызығушылықтары мен құқықтарын түсінуде және құрметтеуде қажет гуманитарлық жаңа жолына бағыттайтын жүйесін қалыптастыру.

Бағдарлама алты жылға есептелген және барлық мүдделі тараптардың білім мен тәрбиенің неғұрлым басым міндеттерін орындауға ресурстары мен күш-жігерін жұмылдыруға арналған.

Бағдарламаны іске асыру педагогтардың, білім алушылардың және білім беру қызметінде сапалы ұйымдастыруды, балабақша мен қоғам арасында тиімді коммуникация құруды болжайды.

Қазіргі күні елдің дамуын өлшеудің басты критерийі адами даму индексі деп есептейміз, өйткені ол өзіне күтілетін білім деңгейін, тұлғаның үнемі өзгеруі жағдайына бейімделу қабілетін интеграциялайды.

Адам құқығы Декларациясына сәйкес «Білім туралы» заңы, бала құқықтары туралы конвенциясы, Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданғалы бері қазіргі мектепке дейінгі мекемелер оның гуманизациясы және демократизацияның негізінде дамиды, сол арқылы тәуелсіз мемлекетте шығармашылық жағынан дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін жағдайлар жасалуда.

Баланың мектепте жақсы оқуы тікелей оның мектепке дейінгі алған білімі мен тәрбиесіне байланысты. Қазақстан Республикасындағы 2020-2025 жылдарға білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында білімнің ұлттық моделінің бірінші деңгейін дамытуға үлкен мән беріледі. Өткізілетін реформалардың басты буыны тұтастай әлемдік көзқарасқа, дамыған лингвистикалық санаға ие мәдени тұлғаның қалыптасуы болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңдарында көрсетілген мемлекеттік саясатқа негізделеді.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, даярлаудың негізгі бағыты, олардың жеке мәдениетін дамытуға, мектепте оқу үшін қажетті дағдыларын қалыптастыруға, қазақ тілі және басқа тілдерді оқытуға, балаларды интеллектуалдық және эмоционалдық тұрғыдан дамытуға, олардың физикалық, психикалық денсаулығын нығайтуға жағдай жасау болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеленушілер білім мен дағдыға ие болып қана қоймай, олар өз беттерінше ақпараттарды таба білуі, талдай білуі, құрастыра және тиімді қолдана білулері қажет. Қазіргі қоғам процесіне нарықтық экономиканың енуі жан-жақты дамыған еңбекқор, шығармашыл, жоғары білімді және интеллектуальды адамдарды қалыптастыру нәтижесінде білім мақсатының бағытын ауыстырады. Мектепке дейінгі білім үздіксіз білім жүйесінің бастапқы буыны бола отырып, қазіргі таңда жан-жақты даму үстінде. Бүгінде оқыту технологиялары жаңартылды.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «ДОСТЫҚ» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫ



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Балапан» бағдарламасы аясында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарынан кейін 2011 жылдың қаңтар айында МКҚК №39 «Достық» МДҰ қолданысқа берілді. Балабақшада 10 топ, барлық бала саны-350, оның 6 топта 200 балаға оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі.

Шанхай мөлтек ауданының 35% балаларын қамтиды.

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Чекалинкешесі, 36

Телефон: 8 (7132) 53-61-24, 53-63-06, 50-75-30,

dostyk_2011@mail.ru

Инстаграм dostyk39

1.МДҰ-ға ақпараттық анықтама

Мекеменің аты: мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Чекалин көшесі, 36

Телефон: 8 (7132) 53-61-24, 53-63-06, 50-75-30, dostyk_2011@mail.ru **Инстаграм** [dostyk39](#)

Жалпы алаңы 3210 ш.м.

Ақпараттық анықтама. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Балапан» бағдарламасы аясында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарынан кейін 2011 жылдың қаңтар айында МКҚК №39 «Достық» МДҰ қолданысқа берілді. Балабақшада 10 топ , барлық бала саны-350, оның 6 топта 200 балаға оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі. Шанхай мөлтек ауданының 31 % балаларын қамтиды.

2019 жылында №39 «Достық» МДҰ мемлекеттік бақылаудан өтті.

Материалдық-техникалық базасы. Жоба қуаттылығы-280 орын. №39 «Достық» МДҰ заманауи балалар көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. Музыка, денешынықтыру залдары, қазақ тілі, әдістемелік кабинеті, өзін-өзі тану кабинеті және техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық және егілу кабинетінде жүзеге асырылады. Көріктендірілген балабақшаның аймағында спорттық және ойындық жабдықтар балалардың денсаулығын нығайтуға, ата-аналармен тәрбиеленушілер арасында дене шынықтыру және спортты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар экологиялық аймақ: шыршалар, бақша, гүлзарлар балаларға экологиялық тәрбие беруге қызмет көрсетеді.

Басымдылық бағыты. 2012 жылдан бастап екі облыстық алаң: мектеп жасына дейінгі балаға тілдің үш тұғырлығы арқылы көп тілділікті қалыптастыру, экологиялық тәрбиеге бағытталған шығармашылық ЭКО зертхана.

2014 жылдан бастап екі республикалық эксперименттер: «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарлама бойынша пилоттық мекеме болып тағайындалған және мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу»

Жетістіктері: 2014-2019 жылдарда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 26 адаптивтік бағдарлама, 26 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталады.

Балабақша меңгерушісі: Уркимбаева А.Ж. Білімі: Жоғары, мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту». Еңбек жолы: 33 жыл. «Нұр Отан» партиясын мүшесі. 2017 жылы Ыбырай Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ

оқу-тәрбие жұмыстары



№ 39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие жұмыстарының талдау анықтамасы

Мектепке дейінгі ұйымының жұмыс тәртібі: 8.00-18.30;

Жұмыс апталығы: 5 күн;

МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйым 10 топтың оқу-тәрбие үрдісі ҚР білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, типтік бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу іс-әрекет кестесі 5 білім саласы талабы бойынша базистік жоспарға және ҚР МЖМБС 1.001-2009 талаптарына сай құрылған.

БАЛАЛАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІКТЕРІ МЕН DAҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

2016-2018 оқу жылдарында оқу-тәрбие үрдісі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 12 тамыздағы №499 бұйрығы) негізінде жүргізіледі.

Оқу білім беру жүктемесі бес білім саладан тұрады: «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық» «Әлеумет». Білім саласы меншік нысанына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының барлық түрлері міндетті болып табылады.

Жұмыс бағыттары	Нәтиже көрсеткіштері	Жақын уақыт тапсырмалары
Білім саласы бойынша оқу іс-әрекеті		
Денсаулық: - дене шынықтыру; - қауіпсіз мінез-құлық негіздері	дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына қызығушылық танытады; педагогтың көрсетуімен ертеңгілік жаттығудың кешендерін орындайды; өздігінен түрлі ойындар ойнайды, ойын ережелерін сақтай алады; спорттық ойындардың элементтерін орындайды; шынықтыру түрлерін, өз-өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын игерген.	баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып, қозғалыс біліктері мен дағдыларын қолдануға баулу, медициналық-педагогикалық бақылауды күшейту.
Коммуникация: - сөйлеуді дамыту; - көркем әдебиет; - сауат ашу негіздері; - мемлекеттік, орыс тілдері - ағылшын тілі - драма	ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту; балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; балалар әдебиетіне қызығушылықты дамыту; Зерттеу жұмыстары мен түзету, реттеу, көмек көрсетуді уақытылы жүргізу	инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, қоғамдық ортада ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Таным: - ҚМҰҚ; - құрастыру - жаратылыстану	сенсорлық қабілеттерін, алғашқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін дамыту; жаратылыстану бойынша түсініктерін, тірі және өлі табиғат жайлы білімдерін, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен және қарапайым өзара байланыспен таныстыру; тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым- қатынасқа тәрбиелеу; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой - өрістерін кеңейту.	математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық қызығушылықтарын, экологиялық білім негіздерін қалыптастыру болып табылады.
Шығармашылық - сурет салу; - мүсіндеу; - аппликация; - музыка	сезімдік-эмоциялық қасиеттері мен эстетикалық талғамды,бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін қалыптастыру; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге үйрету; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету; өз ойын айтуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға сураныстарын қанағаттандыру; өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауды үйрету.	инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, шығармашылық дағдыларды, эстетикалық талғамды дамыту және қалыптастыру.
Әлеумет: - өзін-өзі тану - қоршаған ортамен танысу; - экология негіздері	ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастармен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; өзінің еңбегіне, басқа адамдардың еңбегі мен оның нәтижелеріне құндылықты қатынасқа тәрбиелеу; құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	Жалпы адамзаттық құндылықтар мен ережелер негізінде жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Әдістемелік құралдармен толықтыру.

Кадрлармен жұмыс	Мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен мамандары: - педагогтар мен ата-аналар үшін ашық оқу қызметтерін өткізілді; -оқытудың инновациялық әдістері мен техногогияларын игерілді; -біліктілікті арттыру курстарынан өтілді; -аттестациядан уақытында өткізілді; -жас мамандарға әдістемелік көмек берілді; - байқауларға қатыстырылды;	Мектепке дейінгі психология лық тәрбие және педагогика пәнінен оқу деңгейін теориялық жоғарылату. Тәрбиеші өз бетінше даму қажеттілігін қалыптастыру. Белсенді әдіс оқуын енгізу жаңа авторлық технология оқуы формалардың және қарым-қатынас тәрбие іздестіру жұмыстарын қалыптастыру.
Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналармен қосылып өткізілген шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы сауалнама толтыруға тәрбие және оқу процесіне жаңартылған жаңадан әдістерді енгізілді. Ата-аналардың 98 пайызы балабақшада баланың әр жақты дамуына мектепте сапалы дайындық беріледі деп санайды. Ағылшын тіліне үйретуге қолдау жасайды. Республикалық өзін-өзі тану эксперименті жұмысы бойынша «Баламызға жүрегімізді ұсынамыз» клубына қатысты	Ата-аналарды оқу білім процесіне араласуын қарастыру. Ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасау формалары мен жолдарын іздестіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда әр түрлі жұмыс түрлерімен таныстыру және спорттық іс-шараларға қатыстыру. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымда өтетін іс-шараларға қатыстыру.

Мектепке дейінгі ұйымның басты мақсатының бірі - бала денсаулығын нығайту

Балалар денсаулығының келесі көрсеткіші балалар денсаулық группасы болып саналады.

Балалар денсаулық группасының салыстырмалы таблицасы

Оқу жылдары	Балалар денсаулық группасы		
	Бірінші	Екінші	Үшінші
2016-2017	5,9	5,3	1,3
2017-2018	5,3	5,6	1,5
2018-2019	3,1	3,1	0,94

Берілген таблицада балалардың денсаулық деңгейлерінің көтерілгенін көруге болады. Дене шынықтыру-сауықтыру шараларының жүйелі өткізілуі, күн тәртібінің орындалуы, жазғы мезгілде шынықтыру шаралары, бассейнді ұйымдастыру

балалар денсаулығының жақсаруы мен аурушандықтың азаюына ықпал етті. Тәрбиешілер тараптарынан тыныс алу жаттығулары, жаз мезгілінде құмда жалаң аяқ жүру, су процедурасын және басқа да шынықтыру шараларын қолданудың нәтижесі деп айтуға болады.

Балалардың қатысым және аурушандығы бойынша мәлімет:

Оқу жылдары	Жалпы аурушандығы	Инфекциялық аурушандығы	Самотикалық аурушандық саны
2016-2017	5,9	37,1	1,3
2017-2018	5,8	36,7	1,3
2018-2019	5,3	31,1	1,2

Білім беру үдерісіне медициналық бақылау жасау.

Балалар ауруының алдын алу, гигиенасы тақырыбына ата-аналарға арналған лекциялар мен әңгімелесулерді санитарлық бюллетеньдерді шығару.

Емдік алдын-алу шараларын тағайындай отырып, әрбір бала денсаулығының жай-күйі туралы қорытындылар жасау.

Көктем-күз мезгілінде тұмаумен және ОРВИ-мен аурудың алдын алу жөнінде шаралар кешенін қамтамасыз ету.

Жаз мезгілінде балаларды шынықтыру мақсатында бассейнде шомылдыру шаралары жоспарланады.

Балалардың дене шынықтыру бойынша даму деңгейлері, %

Іс әрекет бағыттары	Оқу жылдары		
	2016-2017	2017-2018	2018-2019
Дене шынықтыру оқу қызметі	98,6	98,7	99,7

Дене шынықтыру бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі жоғары көтерілгенін көрсетеді. Дене шынықтыру жетекшісі мен тәрбиешілердің талдауы бойынша:

- ертеңгілік жаттығуларды жылдың жылы мезгілдерінде (жаз айлары, күз және көктем айларының ашық, жылы күндерінде) далада өткізу, дене шынықтыру оқу қызметінің өткізу сапасын арттыру;
- сауықтыру, шынықтыру, эстафеталық ойындарды жиі ұйымдастыру.

2017-2018 оқу жылынан бастап дене шынықтыру жетекшісі мини-теннис бойынша ересектер және мектепалды даярлау топтарының 16 тәрбиеленушілерімен үйірме өткізеді. Облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебімен тығыз байланысты жұмыстар жүргізіліп, әр түрлі спорттық сайыстарға балалар және ата-аналар қатысулары ұйымдастырылады.

Балалардың коммуникативтік даму деңгейлерін анықтау барысында төмендегі қорытынды жасалды:

Балалардың сөйлеуді дамыту деңгейі, %

Іс әрекет бағыттары	Оқу жылдары		
	2016-2017	2017-2018	2018-2019
Сөйлеуді дамыту	80	82	84

Сөйлеуді дамыту бойынша көрсеткіші деңгейін көтеру:

- сөздік қорларын байыту;
- сөйлеуді дамыту әдістемесі бойынша оқу қызметін жүргізу сапасын көтеру;
- балалармен жеке жұмыстар жүргізу қажеттілігі;
- соңғы уақытта балалар тілдеріндегі ақаулардың болуы;
- сөйлеуді дамыту үшін пәндік-дамытушы орта қорын толықтыру;

Сондықтан педагогикалық ұжымға алдағы оқу жылында балалардың тілдерін дамыту мен қалыптаструға назар аудару қажет екендігі қарастырылады.

Мектепке дейінгі ұйым түлектері бойынша талдау

Оқу жылдары	Өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық
2016-2017	58	22	14
2017-2018	61	29	12
2019-2020	68	28	8

Балабақша түлектері № 26 орыс орта мектебі және № 40 орта қазақ мектебіне барады. Оқу жылының басында мектептермен байланыс жұмыс жоспарлары құрылады. Ересектер және мектепалды даярлау топтары мектепке топсеруенге апарылып, мектеп тыныс-тіршіліктерімен танысады. Мектепте оқып жатқан балабақша түлектерінің яғни, бастауыш сынып оқушыларының білім деңгей көрсеткіштері, мектепте оқитындығын анықтайтын анықтама қағаздары жинақталады.

2016-2017 оқу жылында 94 балабақша түлектері шықса. 2017-2018 оқу жылында 102 түлек, 2018-2019 оқу жылында 104 түлек шықты. Балабақша түлектерінің мектептегі үлгерімдері жоғары деңгейде. Ата-аналар тарапынан балабақша түлектерінің оқу үлгеріміне байланысты үнемі ризашылық тілектер айтылады.

Педагогикалық ұжымының жұмыс нәтижесі

МДҰ тәрбиешілері мен мамандарының оқу-тәрбие жұмыстарын қорыта келе, тәрбиешінің балалармен негізгі жұмыс әдісі педагогикалық ынтымақтастық екені анықталды. Педагогтар экспериментальды-ізденушілік, констуктивті іс –әрекеттер арқылы балалардың шынайы қарым-қатынастарын қалыптастыру үшін ойын арқылы бейнелеуге көңіл бөледі.


Педагогикалық ұжымға талдау.

Жалпы педагог саны	Меңгеруші	Әдіскер	Тәрбиешілер	Психолог	Қазақ, орыс, ағылшын тілі мұғалімдері	Дене шынықтыру жетекшісі	Музыка жетекшілері
30	1	1	20	1	3	2	2


Педагогтардың білімінің көрсеткіші

Оқу жылдары	Барлық педагог	Жоғары білімді	%	Мектепке дейінгі жоғары	%	Арнаулы орта	%	Мектепке дейінгі арнаулы орта	%
2016-2017	30	14	46,6	7	23,3	16	53,4	11	36,7
2017-2018	30	14	46,6	7	23,3	16	53,4	11	36,7
2018-2019	30	15	50	8	26,6	15	50	13	43,3


Білімдері 2016-2017



Білімдері 2017-2018




Білімдері 2018-2019




Педагогтардың санатын өсіру туралы мәлімет

Оқу жылы	Барлық педагог	Барлық педагогтар							
		жоғары	%	1-ші	%	2-ші	%	Санаты жоқ	%
2016-2017	30	1	3,3	0	-	12	40	17	56,7
2017-2018	30	1	3.3	2	6.7	15	50	12	40
2018-2019	30	1	3,3	1	3,3	11	37	17	56,4


Санаттары 2016-2017



Санаттары 2017-2018



Санаттары 2018-2019



Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	АМПИ, БҚБКАО	ҚҒӘО
2016-2017	30			1	0	6
2017-2018	28	1	2	6	0	5
2018-2019	30		3	3	0	

МДҰ-да педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру оқу жылының басында жоспарланып жүргізіледі. 2017-2018 оқу жылында педагогтардың курстан өтуі қарқынды өткен. Халықаралық 1 педагог, 2 педагог республикалық, 6 педагог облыстық, қалалық курстардан өтіп, сертификаттарға ие болды. 2018-2019 оқу жылында 2 педагог «Өрлеу» БАҰО –нан «Өзін-өзі тану» бойынша курстан өтті. МДҰ меңгерушісі және әдіскері Алматы қаласы «Бөбек» Ұлттық ғылыми практикалық білім беру және сауықтыру орталығынан курстан өтті және 5 педагог семинарға қатысып сертификат алды. 2018-2019 оқу жылында «Өрлеу» БАҰО –нан «Өзін-өзі тану» бойынша ақылы курстан 2 тәрбиеші және дене шынықтыру жетекшісі өтті. Алматы қаласы «Бөбек» Ұлттық ғылыми практикалық білім беру және сауықтыру орталығынан 3 педагог курстан өтті. Алдағы уақытта да педагогтардың біліктіліктерін арттыру үшін курстардан өтуге ықылас білдіруде.

Мектепке дейінгі ұйымның 30 % жас мамандардан, яғни 20-30 жас аралығындағы 9 педагогтар бар. МДҰ-да «Жас маман мектебі» бойынша әдістемелік көмектер, іс шаралар, кеңестер, іскерлік ойындар өткізіледі. Жас мамандармен жүргізілген сауалнама бойынша мамандықтарына сүйіспеншілікпен қарайтыны, қиындықтарды жеңуде ізденістері байқалды.

Ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқыту процестеріне ата-аналар 96 пайыз жоғары баға берген.

МДҰ психология-педагогикалық ахуалы қалыптасқан, ұйымшыл біртұтас орта деп айтуға болады.

МДҰ-ның педагогтары жыл сайын қала әкімі сыйлығы, алғыс хаттарымен марапатталады. Соңғы оқу жылында Облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының алғыс хаттарымен -13 педагог, қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы алғыс хаттарымен – 11 педагог марапатталды. 2017 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы жетістіктері үшін МДҰ меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алтынсарин төсбелгісімен марапатталды.

Әлеуметтік-педагогикалық талдау.

№39 «Достық» МДҰ Ақтөбе қаласының Шанхай мөлтек ауданында орналасқан. Жақын маңайында ынтымақтасты жұмыс жасайтын № 40 ОМ орналасқан. Мектепке дейінгі ұйым қалалық жас натуралистер стансасы, Кеңес одағының батыры Ә.Молдағұлованың мемориалды мұражайы, «Алақай» қуыршақ театрымен байланыста жұмыстар жүргізеді. Аталған мекемелердің іс-шаралары, байқауларына қатысу қарастырылған.

Отбасы жағдайы деңгейіне талдау.

Мектепке дейінгі ұйым жалпы бала саны – 350. Отбасылардың әлеуметтік жағдайлары қанағаттанарлық – 11 отбасы бар. Аз қамтылған отбасынан мектепке баратын балабақша түлегіне оқу құралдарын алып беріп, көмек көрсетіледі.

2019 жылдың 01 шілдеден бастап МКҚК №39 «Достық» МДҰ-ның көп балалы отбасылардан шыққан 28 балаға тамақтандыру шығындарын 70% мөлшерінде өтеумен жеңілдікпен ұйымдастырылды.

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысына ата-аналар оң баға беріп отырады. Ата-аналармен сауалнамалар жүргізу нәтижесінде №39 «Достық» МДҰ-ның оқу мен тәрбие жұмыстарының жүргізілу сапасын 96 пайыз жақсы деп бағалады. Ата-аналар ұсынысы:

- үйірмелер ашу;
- балалар денелерін шынықтыру және нығайту;
- рухани-адамгершілік тәрбие;

Жылдық жоспар бойынша ата-анамен жүргізілетін іс-шараларға белсене қатысады. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы негізінде құрылған «Балама жүрегімді ұсынамын» клубы жұмыс жасайды. Жобалар, дөңгелек үстел, семинарлар, шығармашылық көрмелер, акциялар ұйымдастырылады.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырылуы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары деп білім беру жүйесін дамыту басымдылығын, адамның бостандығы мен құқығын қорғау, оқыту мен тәрбиелеу бірлігін дамыту, білімді басқарудың демократиялық сипатын, білім жүйесі қызметінің ашықтығын атап көрсеткен. Аталған заңның 44-бабының 9-шы тармағында білім беру ұйымдарын қоғамдық-мемлекеттік басқарудың бір үлгісі ретінде алқалы басқару органдарын құруға болатындығы айтылған. Бұл органдар бюджеттен қаржылынатын білім беру ұйымдарының қаржылық – шаруашылық мәселелерін шешуге көмек бере отырып, сонымен бірге білім беру ұйымының дамуына, оқу-тәрбие үдерісі салаларының көтерілуіне де әсер етуі керек.

Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңесі – білім беру ұйымының алқалы басқару нысандарының бірі. Қамқоршылық кеңесі дегеніміз – білім беру ұйымына бюджеттен тыс қаржы құйылуын қамтамасыз ететін және оның ұйым мен тәрбиеленушілер қажеттігіне жұмсалуды ашық түрде жүргізетін заңнама тұрғысынан сауатты құрылған пәрменді құрылғы. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында ҚР білім беру саласын қаржыландыруда ұстанатын нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа алады.

Қамқоршылық кеңесінің ережесінде (БЖҒМ 2017 ж. 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген) қамқоршылық кеңес білім беру ұйым қорына түскен демеушілік және т.б қаражаттың оқушылар мен олардың ата-аналарының сұрақ-талаптарын ескере отырып, тәрбие мен білім беру үдерісінің дамуына білім беру ұйымындағы тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге, ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруы қаралып, шығыстарының мақсаты жүзеге асырылуын коллегиялды түрде басқарады деп көрсетілген.

Материалды-техникалық және әдістемелік базасына талдау.

МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы 2 қабатты типтік ғимарат, жалпы ауданы 3224 шаршы метр. Бұрын «Журавушка» балабақшасы, кейін толық емес № 40 орта мектебі, 2 жыл Рыскулов 8 көшесіндегі ғимаратқа көшкеннен кейін бос қалды. 2011 жылы күрделі қайта жөндеуден кейін қолданысқа берілді. Күрделі жөндеуден ТОО «Глобус» фирмасы 207,5 млн теңге, 464011027 бюджеттік бағдарламасы бойынша 20 қараша 2010 жылдан 10 қаңтар 2011 жыл аралығында өткізді.

Мектепке дейінгі ұйымның меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 02-036-013-023 Жер учаскесінің алаңы: 0,694 га. Мектепке дейінгі ұйым ғимараты орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қортындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Оқу-тәрбие жұмыстары 10 топта жүргізіледі.

Топтар	Топтар саны	Жас ерекшеліктері	Балалар саны
Ортаңғы топтар	3	3-4 жас	105
Ересек топтар	3	4-5 жас	110
Мектепалды даярлау	1	5-6 жас	135

Мектепке дейінгі ұйым балалардың жас ерекшелігіне сай орналасқан.

Бірінші қабатта: үш кіші топ, медицина бөлмелері (егілу кабинеті, изолятор, дәрігер бөлмесі), кір жуу бөлмесі (кір жуу бөлмесі, үтіктеу бөлмесі) және жаңа технологиялық жабдықтармен қамтылған асхана, кең музыка залы және дене шынықтыру залы бар. Дене шынықтыру залында оқу іс-әрекеттеріне қажетті гимнастикалық доптар, скамейкалар, доғалар, кедергілер, спорттық құралдар: шеңберлер, батут – доптар, кеглилер, құм салынған және қиыршық тастар салынған қапшықтар, секіргіш жіптер, жалаушалар т.б.-мен жабдықталған. Музыкалық ойын-сауықтарды ұйымдастыруға арналған пианино, музыкалық орталық, музыкалық аппаратура, балалардың музыкалық аспаптары, көрнекіліктер, ойын-сауықтарды драмалауға арналған атрибуттары, ертеңгілікке арналған жабдықтары мен би костюмдері жинақталған.

Меңгеруші, әдіскер, психолог, есепші және психолог кабинеттерінде барлығы 5 компьютер, проектор, 1 ноутбук бар, төртеуі ғаламаторға қосылған, 5 дана принтер бар. Педагогтардың оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін ізденіс қол жетімді. Қазақ, ағылшын тілі кабинеті және психолог кабинеттері бар. Барлық топтар мен кабинеттер талапқа сай жиһаздармен, көрнекі, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. Екінші қабатта өздерінің кіру аймағымен жеті топ орналасқан. Ойын бөлмелері, ұйықтайтын бөлме, қабылдау бөлмесі, дәретхана, жуыну бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай

ойластырылған. Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі құралдар, аудио-видео материалдары бар.

Медициналық құжаттар Сан ЕЖН талаптарына сай, уақтылы жүргізіледі. Санитарлық-ақпараттық жұмыс әңгімелесу, кеңес беру, нұсқау түрінде өткізіледі. Санбюллетеньдер бар (тұмау, вирусты гепатит, желшешек ауруы т.б.).

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жүйелі бақылау жүргізіледі.

Бекітілген формалар бойынша қажетті журналдар толтырылады (бракеражды, дайын, шикі тағамдардың журналы, жинақтаушы, тағамдарды витаминизациялау, денсаулық журналы, тағамның құндылығын есептеу журналы). Балалар 5 рет тамақтанады, күніне 500 теңге. МСЭҚҚБ бекіткен 10 күнге арналған ас мәзірі бар. Тамақтандыру әр-түрлі, балық тағамдары- аптасына 1 рет, жемістер, шырындар, көкөністер күн сайын. Тағамдардың картотекасы, сапа сертификаты бар. Күнделікті екінші ертеңгілік ас беріледі(айран, сүт, шырын).

МДҰ-ның материалдық-техникалық базасының жағдайы, %

Оқу жылдары	Сантехника және жабдықтар	Қатты мүлік	Жұмсақ мүлік	Ғимараттың жағдайы	Аландардың жағдайы	Ғимараттың ішкі жағдайы
2016-2017	100	100	100	100	100	100
2017-2018	100	100	100	100	100	100
2018-2019	100	100	100	100	100	100

Берілген таблицада мектепке дейінгі ұйым толық жабдықталып жұмыс жасап отырғанын көруге болады. Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Барлық топтарда, кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіледі.

МДҰ-ның оқу-әдістемелік базасының жағдайы, %

Оқу жылдары	Ойыншықтар	Музыкалық аспаптар	Көрнекі суреттер	Балалар әдебиеттері	АКТ	Әдістемелік әдебиеттер
2016-2017	75	86	87	76	95	83
2017-2018	78	89	88	79	97	87
2018-2019	89	99	98	85	100	93

Барлық топтар дидактикалық ойыншықтар, дамыту ойындары, сюжетті-рөлді ойындар, музыкалық, спорттық, театрландырылған ойындар, креативті дамыту ойыншықтары жиынтықтарымен қамтылған. Қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Дегенмен де пәндік-дамытушы ортаны толықтыруды қажет етеді.

«ҚР тіл туралы заңының» орындалуы

МКҚК «Достық» МДҰ-да тәрбиелеу және оқыту мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. 6 топта қазақ тілінде, 4 топта орыс тілінде оқу-тәрбие беріледі.

Іс-қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі және қабырғадағы ақпараттар мемлекеттік тілде безендірілген. МКҚК «Достық» МДҰ-да мемлекеттік тілді насихаттауға жақсы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық мерекелер қарсаңында тақырыптық іс-әрекеттер мен ертеңгіліктер ұйымдастырылып өткізіледі. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, әңгіме өткізілді. Наурыз мерекесі орыс тілінде тәрбиеленетін топтарда атап өту жақсы жолға қойылған. Наурыз мерекесі орыс топтарында да өтті.

ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау мақсатында мектепке дейінгі ұйымда жыл сайын арналған жұмыс жоспары құрылады. Жоспарда педагогтармен, балалармен, ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар көрсетілген.

Құжаттық, анықтамалық тілдер мектепке дейінгі ұйымда жоғарыда көрсетілген Заңының 21 тармағына сай келеді. ҚР рәміздеріне (лицензиясы бар) арналған қабырға газеттері, анықтамалық қабырға газеттері қазіргі заманғы талаптарға сай.

Жыл сайын 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» Ертеңгілігі өткізілді және шығармашылық көрме ұйымдастырылды. 2 кіші топтан мектепалды даярлау топ балалары жас ерекшеліктеріне сәйкес мемлекеттік рәміздер туралы білімдері қалыптасқан.

Мемлекеттік стандартқа сай, балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, бекітілген перспективті жоспар бойынша өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйрету ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі. Қазақ тілін жоғары білімді А.Х.Мухамбетова өткізеді.

Өз іс-әрекеті барысында мұғалім дамытушы, дидактикалық ойындарды, көрнекі-құралдарды қолданады, балалардың танымдық, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Балалардың білімдері бағдарлама талаптарына сай келеді. Әкімшілік жағынан бақылау жүзеге асырылады. Жұмыс барысы, оның нәтижесі педагогикалық сағаттарда, әкімшілік жиналыстарда каралады.

Мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілі, орыс және ағылшын тілі кабинеті бірге жұмыс жасайды. Кабинет эстетикалық жағынан безендірілген. Онда педагогикалық процесс үшін қажетті материалдар бар: дидактикалық, дамытушы ойындар, демонстрациялық және таратушы материалдар, әдістемелік құралдар, оқулықтар, көркем әдебиеттермен толықтырылуда. Қазақ тілі, орыс және ағылшын тілі кабинетінің материалдық – техникалық базасы қазіргі заманғы талаптарға сай.

Сонымен қатар, ҚР 2008.07.04 №56 Конституциялық Заңы «Мемлекеттік рәміздері», ҚР Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидалары (ҚР Үкіметінің 2007.02.10. № 873 Қаулысымен бекілген), ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы. Ұлттық стандарт СТ 989-2014, Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейтін ҚР Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою ережесі (ҚР Үкіметінің 2007.01.10. №862 қаулысымен бекіліген), Мемлекеттік рәміздер жөніндегі облыстық комиссиясының 2018 жылға арналған жұмыс негізінде жылсайын Мемлекеттік рәміздер жөніндегі жұмыс жоспар құрылады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛАР:

**2014-2018 жылдарда балабақшада келесі
инновациялық жұмыстар жүргізілді:**

- ☀ Республикалық «Мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу» эксперимент;
- ☀ Республикалық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы бойынша пилоттық мекеме болып таңдалды;
- ☀ Облыстық «Мектеп жасына дейінгі балаға тілдің үш тұғырлығы арқылы көп тілділікті қалыптастыру»
- ☀ Облыстық «Экологиялық тәрбиеге бағытталған шығармашылық ЭКО зертхана»
- ☀ Қалалық мини-теннис бойынша секция

Тақырыбы: «ЭКО зертхана: мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде экологиялық тәрбие беру» шығармашылық зертханасы




Статусы: облыстық

Негіз: Ақтөбе облысы білім басқармасының 2012 жылғы 12 қыркүйек №783 бұйрығы, облыстық оқу- әдістемелік орталығының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі №645 бұйрығы, қалалық білім бөлімі 2012 жылғы 14.09. №618 бұйрығы

Мақсаты: бала санасына экологиялық түсініктер мен адам табиғаттың бір бөлігі екенін жеткізу. Адамның өмірі мен жеке басының жағдайы мен қоршаған әлеммен үйлесімді байланысында екендігін түсінетіндей құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Танымдық әлеміне қызығушылығын арттыру, табиғат әлеміне адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Эксперимент уақыты: 2012-2017 жылдар

Экологиялық тәрбие беру бағыттары



Күтілетін нәтиже:

- балалардың танымдық белсенділігі, ақыл-ой қабілеттері мен білуге құштарлықтары дамыған;
- табиғи нысаналар мен құбылыстарды бақылау дағдылары қалыптастырылған;
- табиғат құбылыстарын бақылау және тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қатысады;



Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тұлғаға тілдің үш тұғырлығы арқылы көптілділікке үйрету»

Статусы: облыстық

Негіз: Ақтөбе облысы білім басқармасының 2012 жылғы 12 қыркүйек №783 бұйрығы, облыстық оқу- әдістемелік орталығының 2012 жылғы 26 қыркүйектегі №645 бұйрығы, қалалық білім бөлімі 2012 жылғы 14.09. № 618 бұйрығы


Мақсаты: ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа да тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасымен ауызша және ауызша емес құралдармен жұмыс істеуге қабілетті мектеп жасына дейінгі көптілді тұлғаны тәрбиелеу.

Эксперимент уақыты: 2012-2017 жылдар

Экспериментке қатысушы: 4 топ – 165 тәрбиеленуші (оның ішінде 3 топ қазақ тілінде,

Педагогикалық құрамы: меңгеруші, әдіскер, қазақ, орыс, ағылшын тілі мұғалімдері, тәрбиешілер, тәрбиеленушілер

Эксперименттік міндетері



Күтілетін нәтиже: тілдік білімді игеру үшін баланың құндылықтар мен алған білімдерін және практикалық дағдыларын қолданушылығы үшін жағдайлар жасау;

- тілдерге үйрету әдістері мен формалары оқытылып, қолдану;
- сараптамаға қатысушы барлық педагогтардың тілдік білім беру маңыздылығын сезінуі және түсінуі;
- балалар арасында топ ішінде ғана емес, сондай-ақ әр түрлі жастағы топтар арасында да ықыласты қарым-қатынас орнату;

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу»

Статусы: республикалық

Негіз: ҚР Білім және ғылым министрлігі 2014 жылғы 9 қазандағы № 408 бұйрығына 2015 жылғы қаңтар айында бастады.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу талаптарын әдістемелік қамтамасыз ету. Инновациялық бағдарламалар және технологияларды қолдану саласында тәрбиешілердің кәсіптік күзиреттілігінің деңгейін арттырудың жолдарын анықтау. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық бағдарлама мен технологияны енгізу қажеттілігін негіздеу.

Эксперимент уақыты: 2014 - 2016 жылдары



Күтілетін нәтиже:

- баланы тәрбиелеу мен дамыту процесінде өзара әрекеттерінің түрлі стратегияларын құру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін типтік бағдарламасында ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымға тарту;
- отбасылық тәрбиені іске асыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;



Тақырыбы: №39 “Достық” мектепке дейінгі ұйымы “ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша пилоттық білім беру мекемесі

Статусы: республикалық

Негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № 356 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2014 жылғы 9 қазандағы № 958 бұйрығы, Ақтөбе қаласы МКҚК №39 «Достық» МДҰ-ның 2014 жылғы 20 қарашадағы № 98 бұйрығы

Мақсаты: «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын біртұтас педагогикалық үдеріске енгізу, мектепке дейінгі балалар жан-жақты дамуы үшін рухани-адамгершілік құндылықтардың кеңістігін қалыптастыру, білім беру және қосымша білім беру салаларымен “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасына интеграциялау, мектеп жасына дейінгі балалардың «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік

бағдарламасы арқылы даму қажеттіліктерін арттыру.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын біртұтас педагогикалық үдеріске енгізу үшін педагог кадрлар Алматы қаласындағы «Бөбек» ҰҒПББ СО семинарларына қатысып, «Өрлеу» БАҰО-нан курстардан өтті. Вариативтік бөлімдегі адаптивтік бағдарламалар да рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағыттталып құру қарастырылып, «Қыз – елдің көркі», «Жас Ұлан», «Адалдық пен әділдік мекені», «Қыз еркем – кестесімен көркем» оқу жоспарына енгізілді. Балабақшада қабырғасына жалпыадамзаттық бес құндылықтар және басқа да «Өзін-өзі тану» мәліметтері ілінді. Мектеп жасына дейінгі балалармен рухани-адамгершілік тәрбие беру бойынша әдіс-тәсілдері мен формалары негізінде республикалық, облыстық, қалалық семинарлар өткізіледі.

Ағымдағы жылдарда тапсырмаларына мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, туған жерге, мекен етіп келе жатқан еліне береке-бірлік, достық қарым-қатынас, еңбек сүйгіштік, тыныштық пен татулықта өмір сүруге баулу алынды. Сонымен қатар балалар тілдерін дамыту мен қалыптастыруда рухани-адамгершілік тәрбие беруде ертегілерді қолдану ой-қиялын дамыту, сөздік жұмыстар арқылы сөздік қорларын дамыту, ертегі кейіпкерлерін талдау барысында жағымды-жағымсыздықты ажыратып, кішіпейілдікке, рухани-адамгершілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу қарастырылады.

Мектепке дейінгі ұйым «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы бойынша пилоттық мекеме болғандықтан, барлық білім беру үрдісіне жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмыстары жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беруді адамгершілік тәрбиемен ұштастыру, Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, қазақ жазушыларының шығармалары арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарға қалыптастыру қарастырылады.

Ата-аналардың “Өзін-өзі тану” пилоттық рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы негізінде балабақша қызметіне қатысуы



- ата-аналармен экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу;
- экологиялық тақырып аясындағы бағдарламаны жүзеге асыра білу жолдарын басқа іс-әрекетпен сабақтастыру;
- өсімдіктер мен жануарларды күте білу дағдыларын қалыптастыру арқылы мейірімділікке тәрбиелеу;
- эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу;
- қоршаған ортаны сүйе, табиғатты қорғай білуді жүйелі түрде жүзеге асыру;
- ата-аналардың балабақшада ұйымдастырылған экологиялық акцияларға балаларымен бірге қатысуы.

Мини теннистен №39 «Достық» МДҰ-ң тәрбиенушілердың жетістіктері





№39 «ДОСТЫҚ» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясындағы қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, бала өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдылықтарын, патриотизмге тәрбиелеуге құрылған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік ел» жалпыадамзаттық идеясы аясындағы отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, тәрбие мен оқытудың кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Мектепке дейінгі ұйымда «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы (Бағдарлама авторы С.А.Назарбаева) іске асырылуда. Бағдарлама білім беру ұйымындағы тәрбие жұмысының барлық салаларын қамтиды. Жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарға бағдарланған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы ізгі ниетті, адамгершілік қасиеттері бар лайықты азамат тәрбиелеуге ықпал етеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаты, міндеттері

Мақсаты: Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында балаларды тәрбиелеу идеологиясын анықтау. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- білім беру ұйымы, отбасы күшін біріктіру;
- білім беруде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету;
- жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына;
- бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, педагогикалық-психологиялық құзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершіліктерін арттыруға ықпал ету;
- салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау;

Тәрбие процесін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері келесі әдіснамалық негіздерге сүйенеді:

Құндылықты (аксиологиялық) көзқарас - адамзаттың түсінігімен және рухани-адамгершілік мазмұнымен анықталатын адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б қатынасы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігіне сүйену.

Антропологиялық көзқарас – тәрбие тақырыбы ретінде адам туралы білімнің барлық деректерін және олардың есебін біртұтас педагогикалық процесті құруда және іске асыруда жүйелі қолдану.

Тұлғалық-бағдарлы көзқарас – өзара байланысты түсініктер, іс-әрекет идеялары мен тәсілдер жүйесіне сүйену, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру процесін қолдау, оның дербестігін дамыту.

Құзіреттілік көзқарас- тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие процесін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, балалардың құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Әлеуметтік көзқарас- тұлғаның мақсаты мен міндеттеріне әлеуметтік шынайылықтың ықпалын ескеру, осы ықпалдың адам және қоғамға тигізер педагогикалық салдарлары.

Жүйелілікті көзқарас- нысанды оны құрайтын бөліктердің жиынтығына қосылмайтын және иерархиялық құрылымы бар күрделі құрылыс ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелі қарастыру құрылымдық компоненттерді, олардың қызметін бөліп көрсетуді, қызметтік- иерархиялық байланыстар орнатуды, жүйеқұраушы факторларды анықтауды, сыртқы байланыстар талдауын қажет етеді.

Тұтастық көзқарас - тәрбие мен білім алушы тұлғаның зияткерлік және рухани –адамгершілік дамуының бірлігін анықтайтын педагогикалық процестің мәнін көрсетеді.

Тұжырымдамалық негіздер тәрбие процесінің келесі принциптерін іске асыруды жорамалдайды:

Гуманистік бағыт принципі педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде бірізді қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде тұлғамен және ұжыммен ізгілікті қарым-қатынас негізінде өзара әрекет стратегиясы.

Жалпыадамзаттық құндылықтар принципі рухани-адамгершілік дәстүрлер мен ұлттық әлемдік мәдениет нормаларына негізделуі қажет деп санайды.

Үздіксіздік принципі тұлғаны тіршілік әрекетінің барлық кезеңінде жан-жақты дамыту, оның күші мен қабілетін, кәсіби және жалпымәдени өсуін барынша толық жүзеге асыруда шығармашылық әлеуеті мен мүмкіндіктерін байыту.

Тұтастық принципі оқу мен оқудан тыс қызметтердің кіріктірілуімен қамтамасыз етіледі: оқу қызметі когнитивті құрамдасты қалыптастырады; сабақтан тыс қызметте эмоционалды –құндылықты мінез-құлықтық компонент дамиды.

Педагогтардың кәсіби қызметінде функцияналдық сауаттылығы, ақпараттық технологияларды пайдалану процесі артып отырғаны байқалады.

Тәрбие жұмыстарының басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты;
4. Отбасы тәрбиесі;

Қазақстандық патриотизм бағыты мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты, Отанға, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының рәміздерін білуге арналған байқаулар, Қазақстанда тұратын басқа ұлттар салт-дәстүрлерімен таныстыру, соғыс, еңбек ардагерлерімен кездесулер және т.б

Рухани-адамгершілік тәрбие мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын , моралдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Оқу пәндері мазмұнына құндылықтарды кіріктіру арқылы оқытудың тәрбиелік әлеуетін күшейту, педагогикалық семинарлар, ата-аналармен кеңестер, жобалар, клуб. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының метапәндік және тәрбиелік рөлін күшейту, рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Дене тәрбиесі мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Сабақтар, спорттық үйірме, спорттық сайыстар, спартакиадалар, сауықтыру-шынықтыру шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Отбасы тәрбиесі мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық күзінеттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңестері және ата-аналар комитеті; Бірлескен отбасылық іс-шаралар өткізу, «Баламызға жүрегімізді ұсынамыз» ата-аналар клубы, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы бойынша ата-аналарды оқыту, жобалар, шығармашылық көрмелер, семинарлар арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі жастан баланың жеке тұлға болып қалыптасуының негізі қаланады. Баланың психологиялық және жеке тұлғалық қасиеттері осы жаста қалыптасады. Ол үшін әрине, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызы ерекше.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық әлеуметтік және эмоционалдық дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнының жаңарту, болашақ ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеру.

Жоғарыда айтылғандардан Даму бағдарламасының мақсаты тәрбие мен білім беру сапасын көтеру, рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Педагог міндеттерді іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі. Осы мақсатта педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысу. Жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

Қазіргі заманғы педагогтардың инновациялық технологияларды білуі уақыт талабы. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді. Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпы адамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды.

Педагог Бағдарламада анықталған міндеттерді жемісті іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі қажет. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысуы қажет.

Берілген Даму бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту міндеттерін орындауда жүйелілік пен үздіксіздік педагогикалық іс-әрекетпен өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Даму бағдарламасын құру кезінде білім беру мекемесінің өзекті жағдайлары, тәрбиеленушілердің ата-аналар қажеттіліктері, педагогтардың кәсіби деңгейлері ескерілді.

Қазіргі заманғы инновациялық технология негізінде балалармен, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен 5 жыл ішіндегі жұмыс бағыттары арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейін көтеру, балабақшаның даму перспективасы, алға қойған мақсатқа үш кезеңмен жету көрсетілген.

МДҰ материалдық-техникалық базасын нығайту.

Мектепке дейінгі ұйымның жағдайына талдау жасай отырып, перспективалық болжаулар және ҚР жалпыға міндетті стандартты сапалы орындау, мектепке дейінгі тәрбие деңгейін қазіргі заман талабына сай ұйымдастыру негізінде Даму бағдарламасы құрылды. Мектеп жасына дейінгі балалардың барлық бағыттар бойынша дамуына (физиологиялық, танымдық, қоршаған орта туралы түсініктерінің қалыптасуы, тілдерін дамыту, рухани-адамгершілік тәрбие және т.б.), балалар өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау.

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫ

Бірінші кезең - 2020-2021 жыл – ұйымдастыру-дайындық
(бағдарламаның жүзеге асырылуына жағдай жасау);

Міндеті: МДҰ жұмысының тиімділігін талдау арқылы жақын арадағы бағытын, мақсат, міндеттерін анықтау.

Іс әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Педагогикалық ұжымды Даму бағдарламасымен таныстыру, мақсатын орындалу тәртібімен талқылау.	Қаңтар 2020 ж.	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Тәрбиеленушілер отбасыларының МДҰ жұмысына қанағаттану деңгейлерін анықтау үшін зерттеу.	Қаңтар 2020 ж.	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
МКҚК №39 «Достық» МДҰ-ның көп балалы отбасылардан шыққан балаларға тамақтандыру шығындарын 70% мөлшерінде өтеумен жеңілдікпен ұйымдастыру.	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, ата-аналар комиитеті, меңгеруші
Педагогикалық ұжымның және ата-аналар комитеті және Қамқоршылық кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы.	Қаңтар 2020 ж.	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңартуда тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану» тақырыбы облыстық экспериментті еңгізу	Оқу жылдан бастап	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын біртұтас педагогикалық үдеріске енгізу» атты республикалық пилоттық жобасын жалғастыру.	Оқу жылдан бастап	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Балама жүрегімді ұсынамын» атты Ата-аналар клубы жұмысын жалғастыру	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, ата-аналар.
Педагогикалық ұжым мен балалар арасындағы психологиялық жайлылықты зерттеу.	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Жаңартылған білім беру мазмұнында «Өзін-өзі танудың» маңыздылығы» жас мамандарға республикалық пилоттық жоба бойынша оқу семинарларды ұйымдастыру	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Ата-аналар және қызметкерлердің қатысуымен «Игілікті істер»	Ақпан 2020	Шығармашылық топ,

акциясы		меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Мейірімділік мекені» қамқоршылық акциясы. Қарттар күніне орай Шанхай мөлтек ауданын қарттарды құттықтау, сыйлықтарды ұйымдастыру.	Ақпан 2020	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, шығармашылық топ
МДҰ материалдық-техникалық базасын зерттеу және талдау.	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, шығармашылық топ
МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері.	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, шығармашылық топ
МДҰ аймағын абаттандыру жұмысын жоспарлау	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, шығармашылық топ
Білім беру процесі деңгейін анықтауда әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етілуін талдау және зерттеу.	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Ұлы Даланың жеті қыры» ҚР Президенті Н.Назарбаев мақаласы негізінде <i>жобалау технология</i> арқылы мектепке дейінгі балалардың патриоттық тәрбиені қалыптастыру бойынша тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету (костюмдер, жол ақысы және т.б)	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
МДҰ-да балалардың жайлылықта болу деңгейі, жас ерекшеліктеріне қарай пәндік-дамытушы ортаның қамтамасыз етілу деңгейін анықтау және толықтыру.	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
«Сүйіспеншілік пен Шығармашылық педагогикасы» декада	Ақпан 2020 ж.	Шығармашылық топ,
«Асыл әже» тәрбиешелушілердің әжелері арасында балалар үшін <i>қол шебер ұйірмесін</i> ұйымдастыру	Наурыз 2020ж.	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
МДҰ-да тәрбиеленушілердің тәрбие мен білім бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау. «Ашық есік» іс-шараны өткізу	Сәуір-мамыр 2020 жыл	Меңгеруші,әдіскер, педагогтар
Балабақша туралы ойлары мен тілектерін анықтау мақсатында МДҰ ұжым мен ата-аналар қатысуымен дөңгелек үстел, сұхбат ұйымдастыру.	Мамыр 2020 жыл	Меңгеруші,әдіскер, педагогтар
МДҰ аймағында <i>футбол спорттық алаңын жабдықтау</i> .	Маусым-тамыз	Қамқоршылық кеңестің

	2020 ж.	мүшелері, шығармашылық топ
МДҰ ауласын абаттандыру жұмыстары. Топ ойын алаңдарын жабдықтау	Маусым-тамыз 2020 ж.	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, шығармашылық топ
Ағымдағы ұйымдастырушылық шаралар		
Бірлескен жұмыстар ұйымдастыру: -ата-аналар комитетімен; -педагогикалық ұжыммен; - қоғамдық ұйымдармен;	Жыл бойы жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Бюджеттен тыс қаржы көздерін іздестіру: -білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту; -талантты және аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету; - «Мектепке жол», «Ігілікті істер дүкені» акциялар	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, МДҰ әкімшілігі
МДҰ қосымша білім беру мақсатында ҚББ келісімімен спорттық үйірме және секция ашу.	Жыл бойы	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер, педагогтар
МДҰ әкімшілігімен материалдық көмек қажет ететін балабақша түлектер санын анықтау.	тамыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, МДҰ әкімшілігі
Жергілікті жердегі медицина ұйымдары арқылы аурушаң балалардың денсаулығын нығайту жағдайларын қарастыру	Жыл бойы жалғасады	меңгеруші, әдіскер, педагогтар қамқоршылық кеңестің төрағасы, медбикелер
Құқық қорғау, өрттен сақтау және т.б органдармен бірлесе отырып балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалармен оқу-тәрбие жұмыстар жүргізу.	Жыл бойы жалғасады	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, әдіскер
Жалпы іс-шаралар		
Ата-аналардың қатысумен өтетін балабақшалық іс-шараларды ұйымдастыру: - жиналыстар, семинарлар; -тәрбиелік, экологиялық және қайырымдылық акциялар; -спорттық, шығармашылық және интеллектуалды сайыстар;	Жыл бойы	Шығармашылық топ, ата-аналармеңгеруші, әдіскер, педагогтар Қамқоршылық кеңестің мүшелері
Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына табысты МДҰ түлектері ата-аналарын тарту;	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесі мүшелері
МДҰ әкімшілігінің жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын өткізуге көмек көрсетуі.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесі мүшелері

Екінші кезең - 2021-2024 жылдар – практикалық кезең

Міндеті: Ұйымдастыру-дайындық кезеңіндегі қорытындысы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда үздіксіз білім беруде тиімді ұйымдастыру.

Іс әрекет мазмұны	мерзімі	жауаптылар
Даму Бағдарламасы мен Тұжырымдамасын талдау, түзету, өзгерістер мен толықтыруларды енгізу.	Мамыр-тамыз 2020 жыл	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, педагогтар, ата-аналар комитеті
МДҰ –ның концептуалды дамуы жолдарын қалыптастыруда, өзекті мәселелерді шешуде, мақсаты, принциптері және мазмұны бойынша педагогтармен семинарлар өткізу.	Қыркүйек 2020 жыл	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер,
Ата-аналар жиналыстарында МДҰ Даму бағдарламасының негізінде жүргізілетін жұмыстар, күтілетін нәтижелерін ұсыну.	Қыркүйек 2020 жыл	Меңгеруші, әдіскер, ата-аналар
Оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруде, алға қойылған міндеттерді орындауда педагогикалық ұжымның теориялық және тәжірибелік құқықтық сауаттарын көтеру мақсатында педагогикалық ұжымды нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру	Қыркүйек 2020 жыл	Меңгеруші , әдіскер
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар, Әдістемелік-нұсқаулық хаттың құрылымымен таныстыру.	Қыркүйек 2020 жыл	Меңгеруші , әдіскер

Міндеті: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру.

Іс әрекет мазмұны	мерзімі	жауаптылар
МДҰ–ның оқу-әдістемелік жабдықталуы.	Қыркүйек 2020	Меңгеруші , әдіскер
«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаны енгізу мақсатында мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділіктерін дамыту үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану .	Жыл бойы	Меңгеруші , әдіскер, педагогтар
«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаны енгізу мақсатында балабақша педагогтары SMART интерактивтік технологияларды жұмыс барысында қолдану.	Қыркүйек 2020	Шығармашылық топ, әдіскер
«Замануи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру»	Қыркүйек 2020 жыл	Шығармашылық топ, әдіскер

тақырыбы облыстық экспериментін жалғастыру.		
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын біртұтас педагогикалық үдеріске енгізу» атты республикалық пилоттық жобасын жалғастыру.	Қыркүйек 2020 жыл	Шығармашылық топ, әдіскер
«Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жаңартуда тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану» оқу-практикалық семинарларды ұйымдастыру	Қазан 2020 жыл	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер,
Жас мамандардың «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша құндылықтар туралы кеңестерді өткізу	Қазан 2020 жыл	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер,
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Адаптивтік бағдарламаларын, әдістемелі нұсқауларын құрастыру.	Қараша 2020 жыл	Тәрбиешілер, мамандар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда педагогтардың қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу, әдістемелік көмек көрсету.	Жылсайын	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер,
МДҰ тәрбиешілері мен мамандарын біліктілікті арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру.	Қажеттілігіне қарай	Меңгеруші , әдіскер
Балалар тілдерін дамыту мен қалыптастыруда, рухани-адамгершілік тәрбие беруде ертегінің атқаратын ролі	Жалғасады	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер,
«Мектепке дейінгі ұйымда рухани-адамгершілік тәрбие берудің міндеттері, мазмұны және тәсілдері» Жұмыс тәжірибесін жинақтап қорыту, әдістемелік нұсқаулықтарды шығару.	Ақпан -наурыз 2021 жыл	Меңгеруші, әдіскер педагогтар
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуі.	Қажеттілігіне қарай	Меңгеруші , әдіскер
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша интеграциялау мастер-класс облыстық деңгейде өткізу.	Сәуір 2021 ж.	«Өрлеу» ҰБАО
«Замануи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» тақырыбы облыстық экспериментін нәтижесін облыстық деңгейде қорытындылау.	Сәуір 2021 ж.	Шығармашылық топ, меңгеруші, әдіскер
Педагогтардың өзара тәжірибе жинақтау мақсатында бір-біріне өзара қатысымын бақылау	Жыл бойы	Тәрбиешілер, мамандар
Педагогтардың сараптама қызметі, педагогтардың профессионалды	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер

компетенттік біліктілігін көтеру		педагогтар
Мектепке дейінгі ұйым мен балабақша арасындағы ынтымақтасты байланыс №26 ОМ, №40 ОМ	Жыл бойы	Меңгеруші , әдіскер педагогтар
Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу, театр, музыка іс-әрекеттерінде инновациялық технологияларды қолдана отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында фестиваль өткізу.	Мамыр 2021 ж.	Меңгеруші , әдіскер педагогтар
Педагогтардың кәсіби шеберліктерін зерделеу: - ҰОҚ қатысу; - жоспарлы талдау; - педагогтың өзін-өзі талдауы; - педагогтар мен ата-аналардан сауалнамалар;	Жылсайын	Меңгеруші , әдіскер педагогтар

ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

Балалардың денсаулығы мен шынығуына жағдай жасау. Спорттық ойындар, сауықтыру- шынықтыру шараларын жүйелі ұйымдастыру.	2020-2025 жылдар	Медициналық қызметкері және дене шынықтыру жетекшілері
МДҰ –да қосымша « <i>Футбол</i> » секциясын ұйымдастыру.	Қыркүйек 2020ж.	Дене шынықтыру жетекшісі
Ересектер, мектепалды даярлау топтары балаларына <i>мини теннис</i> үйірмесін ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек 2020ж	Қамқоршылық кеңес. Дене шынықтыру жетекшісі
МДҰ тәрбиеленушілерін мини-теннис жарыстарына қатысуын ұйымдасты (транспортпен қамтамасыз ету)	Қыркүйек 2020ж	Қамқоршылық кеңес
Мекеменің медициналық кабинетіне құралдарды алу, балаларды сауықтыратын, олардың физикалық дамуында дәстүрден тыс сауықтыру технологиясын және түрлерінің жолдарын қолдану.	2021-2024 жыл	Қамқоршылық кеңес, дене шынықтыру жетекшісі, мейірбикелер, меңгеруші
Денсаулыққа қажетті жабдықтарды жинау жұмыстарын жалғастыру. Барлық топтарға ұйқидан ояту жаттығу жолақшаларын құрастыру.	2020 жылдан бастап	Әдіскер, тәрбиешілер
Балалардың физикалық денсаулығы туралы толық мәліметтер. Емдеу процедурасы және денсаулықты жақсарту жоспары.	Үнемі	МДҰ медбикесі
ЗОЖ орталықтың семинарлары, акциялары өткізу <i>Фитотерапия</i> бойынша балаларға арналған «Cipollino» кафесін ашуы.	Жоспар бойынша	Медбике, дене шынықтыру жетекшілері, педагогтар
Денсаулықты нығайту жұмыстарын жоспарлау сапасын көтеру. <i>Дәстүрден тыс сауықтыру технологияларын</i> қолдану	2021-2024 жж.	Әдіскер, дене шынықтыру жетекшілері

Ата-аналармен бірлескен спорттық сайыстар ұйымдастыру	2021-2024 жж.	Дене шынықтыру жетекшілері
Қамқоршылық кеңестің спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға көмек көрсетуі.	2021-2024 жж.	Қамқоршылық кеңес
Даладағы ойын аландарының жабдықталуын толықтыру.	2021-2024 жж.	Әкімшілік, Қамқоршылық кеңес
Далада спорт алаңын жабдықтау, жаңарту. Футбол алаңы ашуға дайындық.	Мамыр 2022 жыл	Әкімшілік, Қамқоршылық кеңес
Бала денсаулығын дамытуға арналған әр түрлі бағдарламаларды құрастыру.	Мамыр-тамыз 2022 жыл	Дене шынықтыру жетекшісі

ЖЕКЕ ТҰЛҒА МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ

МДҰ–ның оқу-әдістемелік жабдықталуы.	Қыркүйек 2021 ж.	Меңгеруші, әдіскер
Мектеп жасына дейінгі балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.	Қазан 2021 ж.	Шығармашылық топ, әдіскер, психолог
Мектеп жасына дейінгі балаларда танымдық процестерінің деңгейлерінің диагностикасы	Қараша 2021 ж.	Шығармашылық топ, әдіскер, психолог
Зерттеу әдістері – танымдық процестерді зерттеуге арналған стандартты әдістер комплексі: - түрлі әңгіме әдістерін қолдану; - шағын тестік тапсырмалар;	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, психолог
Баланың толық психологиялық дамуына жағдай жасау.	2021-2024 жж.	Әдіскер, психолог
Бала тұлғасын, оның психикалық даму барысын анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық зерттеу.	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, психолог
Баланың коммуникативтік даму жақтарын диагностикалау.	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, психолог
Жоғарыдағы көрсетілген мониторинг бойынша, ата-аналардың саунамаларының нәтижелері, сұраныстары негізінде оқу-тәрбие жұмысын жобалау	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші, қамқоршылық кеңестің мүшелері
«Ұлы Даланың жеті қыры» ҚР Президенті Н.Назарбаев мақаласы негізінде, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру мақсатында «Тәуелсіздік – аңсаған арманымыз, қол жеткен мұратымыз!» атты өлкетану	Қыркүйек 2022 ж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші, қамқоршылық кеңестің мүшелері

мұражайды ұйымдастыру.		
Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің рухани-адамгершілік тәрбиемен байланысы әр топта « <i>Кітапқұмар</i> » атты кітапхананы ұйымдастыру	Қыркүйек 2022 ж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші, қамқоршылық кеңестің мүшелері
Балалардың интеллектуалдық дамуын нығайтуда және логикалық, ақпараттық кеңістікпен, бағдарламалау негіздерімен, механика, электротехникамен таныстыру мақсатында « <i>Робототехника</i> » үйірмесін ұйымдастыру.	Қыркүйек 2023 ж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші, қамқоршылық кеңестің мүшелері
Мектеп жасына дейінгі балалардың дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауын, математикалық түсініктерін қалыптастыру «Ментальная арифметика негіздерімен таныстыру» мақсатында «Сауатты балақай» үйірмесін ұйымдастыру.	Қыркүйек 2024 ж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші, қамқоршылық кеңестің мүшелері

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

Жас мамандардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда әдістемелік көмек алуларына жағдай туғызу.	2021-2024 жж.	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Мектеп жасына дейінгі балаларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.	2021-2024 жж.	Тәрбиешілер, мамандар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда педагогтардың қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу және әдістемелік көмек көрсету.	Желтоқсан, сәуір	Меңгеруші, әдіскер
МДҰ тәрбиешілері мен мамандарын біліктілікті арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру.	Қажеттілігіне қарай	Меңгеруші, әдіскер
Балалар тілдерін дамыту мен қалыптастыруда, рухани-адамгершілік тәрбие беруде ертегінің атқаратын ролі	2019-2023 жж.	Меңгеруші, әдіскер, шығармашылық топ
«Мектепке дейінгі ұйымда рухани-адамгершілік тәрбие берудің міндеттері, мазмұны және тәсілдері» оқу-практикалық семинарлар өткізу	2019-2023 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
Замануи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі	2019-2023 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер,

ұйымының «Жас тәрбиеші» мектебінің жұмыс жоспарын жаңарту		меңгеруші
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өтуі.	Қажеттілігіне қарай	Меңгеруші, әдіскер
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша интеграциялау мастер-класстар, озат педагогтардың тәжірибесін талдап қорыту, жинақтаған материалдарын жариялау	Қараша 2022 ж.	«Өрлеу» ҰБАО, МДҰ-ның педагогтар
Педагогтардың өзара тәжірибе жинақтау мақсатында бір-біріне өзара қатысымы, басқа озат педагогтардың тәжірибесін қарау, талдау, алмасу.	2021-2024 жж.	Тәрбиешілер, мамандар
Мектепке дейінгі ұйым мен №26 ОМ, №40 ОМ арасындағы ынтымақтасты байланысты жалғастыру, жаңарту	2021-2024 жж.	Меңгеруші, әдіскер, балабақша, мектеп педагогтары
Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу, театр, музыка іс-әрекеттерінде инновациялық технологияларды қолдана отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту.	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
Педагогтардың кәсіби шеберліктерін зерделеу: - ҰОҚ қатысу; - жоспарлы талдау; - педагогтың өз бетінше білім алумен шұғылдануы; - педагогтар мен ата-аналардан сауалнамалар;	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
Тәлімгерлер жүргізілген жұмыстар бойынша талдау жүргізу	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
Шығармашылық топ мүшелерінің инновациялық технологияны қолдану бойынша ағартушылық жұмысы	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
Мектепке дейінгі ұйым мен балабақша арасындағы ынтымақтасты байланыс №26 ОМ, №40 ОМ	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
«Террористік қауіп туындаған кездегі іс-қимыл негідеріне байланысты» - әдістемелік құралын қарау.	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын орындау мақсатында жұмыс жоспарын, әдістемелік нұсқаулықтарды құрастыру	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, әдіскер, меңгеруші

МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ЖАҢАРТУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде пәндік-дамытушы ортасын толықтыру Электрондық табельдерді енгізуі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Ақтөбе қаласының әкімдігі «Smart Agtobe» қосымшасын енгізуі	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер педагогтар
Баланың даму деңгейін анықтайтын жаңа технологияларды меңгеру. Дамыту аймақтарын безендіру, жабдықтау.	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер педагогтар
«Ұлы даланың жеті қыры» негізінде жазылған адаптивтік бағдарлама бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ жазушыларының шығармалары арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарға қалыптастыру бойынша МДҰ-да кітапхананы ұйымдастыру	2021-2024 жж.	Шығармашылық топ, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті.
Музеймен, «Алақай» қуыршақ театрымен, Жас натуралистер стансасымен және т.б. мекемелермен бірігіп жұмыстар атқару.	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы бойынша «Балама жүрегімді ұсынамын» ата-аналар клубының жұмысын жинақтап қорыту	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер, психолог, мамандар, тәрбиешілер, ата-аналар
Музыка жетекшілері жұмысына бағыт беру, авторлық әдістемелік кепілдеме, материалдық және шығармашылық бағдарламалар құруға ынталандыру	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер, кәсіподақ ұйымы
Балабақшада дарынды балаларды қолдау	2021-2024 жж.	Қамқоршылық кеңесі
Ойнау алаңдарын, балабақша айналасының жабдықтарын, безендіруін жаңарту	2021-2024 жж.	Меңгеруші , әдіскер
МДҰ педагогтарының іс-тәжірибелерін жинақтау әдістемелік құралдар құрастыруы	2021-2024 жж.	Меңгеруші, әдіскер, педагогтар
Жылдық жоспар бойынша кеңес, семинарлар өткізу Педагогтарды аттестациялау бойынша жұмыстар	2021-2024 жж.	Меңгеруші, әдіскер педагогтар
Театр қуыршақтарын жасау үйірмесін ұйымдастыру	2021-2024 жж.	педагогтар
Мини футбол алаңын жабдықтау, дене шынықтыру жетекшісінің мини футбол үйірмесіне адаптивтік бағдарлама құрастыруы, ұйымдастыруы.	2021-2024 жж.	Әкімшілік, дене шынықтыру жетекшілері

Игі істер акциясының жоспары

«Үміт» балалар үйіне бару, сыйлықтарды табыстау	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«Мейірімділік мекені» шанхай мөлтек ауданында тұратын қарттардың үйлеріне бару, көмек көрсету	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«Аналар үйіне» Сыйлықтар апару	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«Наурыз батасы» Наурыз мерекесіне ата-әжелерді концерттік бағдарламаға шақыру.	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«Магазин добрых дел» дүкені. Аз қамтылған отбасыларына көмек	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«Мектепке жол» аз қамтылған немесе көпбалалы отбасынан мектепке баратын балабақша түлегіне оқу құралдарын сыйлау	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«Таза қала» Шанхай мөлтек ауданы көшесіне сенбілік. Ағаш көшеттерін отырғызу	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
«9 мамыр Ұлы жеңіс күніне» ҰОС батырларына тағзым	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
Қарттар үйіне концерт және қамқорлық акциясы	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы
Шанхай мөлтек ауданында тұратын балабақшамен қамтылмаған балаларға мерекелік ертеңгілік және сыйлықтар ұйымдастыру	Жылсайын	Әкімшілік, кәсіподақ ұйымы

Үшінші кезең- 2024-2025 жыл - қорытынды

Іс әрекет мазмұны	мерзімі	жауаптылар
МДҰ барлық іс- әрекеттері субъектілеріне эксперттік бағалауы. Даму Бағдарламасының орындалуы туралы есебі.	Мамыр айы. 2024 жыл	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері
Педагогтардың іс-тәжірибелерінен жинақтап әдістемелік құралдар шығару.	2024-2025 жылдар	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері
«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасы бойынша материалдар жинақтау, іс-тәжірибе тарату	2024-2025 жылдар	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері
Ата-аналармен ынтымақтасты қарым-қатынаста жұмыс	2024-2025 жылдар	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері
Семинарлар,обылыстық мастер класстар, республикалық деңгейде қорытындылау.	2024-2025 жылдар	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері
Даму Бағдарламасының орындалуына ата-аналар мен педагогтардың ойларын зерттеу.	Сәуір- мамыр 2024 жыл	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері
2025-2030 жылдарға Даму бағдарламасының жобасын жасау	Мамыр-тамыз 2024 жыл	МДҰ әкімшілігі, педагогтар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Даму Бағдарламасының орындалу қорытынды бойынша №39 «Достық» МДҰ-да нәтижелі өзгерістер келесі бағыттарда болатынын күтеді:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартына сәйкес тәрбие мен білім беру сапасын көтеру;
- жеке тұлға мәдениетінің дамуы;
- ектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу;
- жан-жақты дамуы үшін рухани-адамгершілік құндылықтардың кеңістігін қалыптастыру;
- физиологиялық, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- денсаулықты нығайту : үйірме ашу, футбол үйірмесін ұйымдастыру; футбол алаңын ашу.
- ата-аналармен бала тәрбиесінде ынтымақты қарым-қатынаста жұмысты жүргізу;
- ата-аналармен ынтымақтасты жұмыс арқылы рухани-адамгершілік тәрбиені бала тәрбиесінде бірлесіп жүргізу;
- білім беру процесіне қатысушылардың жетістіктерін көтеру.
- озық тәжірибелер бойынша әдістемелік құралдар шығару;
- мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие жұмыстарының деңгейін облыс, республика деңгейіне көтеру;
- «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаны орындау мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда материалдық-техникалық базасын жаңарту мен жақсарту, пәндік-дамытушы ортаны толықтыру.



Түлектің жеке тұлғалық үлгісі

Баланың даму өрісі

Жеке даму құзіреттілігі

Физиологиялық:

Физиологиялық даму сапасы, қимыл-қозғалысы дағдысы қалыптасқан, өз

денсаулығына ұқыпты қарауға және спорт түрімен айналысуға ынталы;

Интеллектуалды:

Жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандартына сәйкес жаңа білім алуға дағдылары қалыптасқан; тілдік коммуникативті дамыған, бақылау, салыстыру, талдау, өз ойын айта алатын, көркем шығарма, ертегі мазмұнын түсініп айта алатын, өз бетінше өмірде алған білімін қолдана алатын, математикалық күрделі емес тапсырмаларды орындай алатын; өнердің әр түрінде қызығушылықпен эмоционалды қайырымдылық көрсете білетін; бейнелеу іс-әрекетінде дағдылары қалыптасқан; қоршаған орта сұлулығын көріп, бағалап өз әсерін жеткізе білетін;

Рухани-адамгершілік:

Құрдастарымен қарым-қатынас жасай білетін; басқа ұлт мәдениетіне құрметпен қарай білетін; Отанын сүйетін, мақтан тұтатын; басқа ұлт өкілдері балаларымен достық; адал болу, жақсылық тілейтін.



Жаңа көзқарастағы тәрбиешінің жеке тұлғалық дамуы

Жеке қасиеті	Кәсіби мәдениеті	Базалық құзіреттілігі	Шешуші құзіреттілік
Балаға сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен, жоғары адамгершілік, берілген іске жауапкершілік, ұжымдық бірлік, жанашырлық;	Мектепке дейінгі педагогика негіздері білімін меңгерген; бала және жас ерекшелігі психологиясының дидактикасын; баланың физиологиялық, қазіргі мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру технологияларын білуі;	Мақсатқа жетуге қабілеттілік; өзіне жауапкершілік дайындық; тәлімгер, кеңесші рөлінде алғырлық көрсету; үлкен төзімділік пен достық мақсатқа бағытталған; адамдармен іскерлік байланыс; барлық істерде жауапкершілік; жұмысқа жоғары қабілеттілік; үнемі бәрін жақсы орындауға ұмтылыс; өзін басқару қабілеттілігі; жеке қасиеттерінің жүйесі; инновациялық қабілеттілік;	Жұмысқа кәсіби және шығармашылықпен қарау; өзіне сенімділік және өз ісіне берілген; тез тіл табысатын және жетістікке жетуге қабілетті; эмоционалды қалыпты және мақсатқа жетуге талпынатын; ашықтық, үйлесімділік; өз білімін жетілдіретін, ұжыммен жұмыс жасауға қажеттілігі бар; мәселені шешуге тез шешім қабылдау;



Мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешілерінің түлектердің жеке тұлғалық моделін қалыптастыруға ықпал етуі. Сондықтан МДҰ әдістемелік жұмысы бағытталады:

- педагогикалық ұжым іс-әрекеті жетістігінің бірлігі және тәрбиеші- педагогтардың жеке кәсіби қарым-қатынасы;
- педагог-тәрбиешілердің толерантты қабілеттілігін дамыту (педагогикалық ағарту, мәдени шыдамдылық, балаға ата-анаға, жұмыстастарына құрметпен қарау);
- педагог-тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіруде инновациялық ойлары, іс-әрекеттерін жетілдіру.